

Созақ мектеп-гимназиясының мектеп жанындағы интернат тәрбиешілерінің 2023-2024 оқу жылындағы атқарған жұмыстары

Биылғы 2023-2024 оқу жылында мектеп жанындағы интернатқа 70 оқушы қабылданды. Оның 25 оқушы ұл бала, 45 оқушы қыз бала. Интернатта 5 тәрбиеші 3 ауысымда жұмыс атқарады. Түнгі кезеңде 2 түнгі тәрбиеші жұмыс жасайды. Оның ішінде 1 тәрбиеші М.Заурбекова педагог-сарапшы, 1 тәрбиеші М.Өскенова педагог-модератор, 3 тәрбиеші лайық қызметінде.



Тәрбиеленушілер 3-4 оқушыдан жас ерекшеліктеріне қарай жатын бөлмеге орналасқан. Онда оқу залы, теледидар бөлмесі, кір жуу бөлмесі, тігін бөлмесі, медбике бөлмесі және 4 мезгіл тегін ыстық тамақпен қамтамасыз етілген.

Интернат тәрбиешілерінің жылдық, айлық, апталық, жоспарлары жасалынған. Жоспар Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасына сәйкес жасалынды және биылғы 2023-2024 оқу жылында Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарындағы оқу тәрбие процесінің ерекшеліктері туралы әдістемелік нұсқаулық хат бойынша басшылыққа алынды.

Мектеп жанындағы интернатта тәрбиеленушілердің оқу тәрбие үрдісіндегі белсенділіктерімен ұйымшылдықтарын қалыптастыру үшін интернат ауқымында біршама жұмыстар атқарылды.

Интернат тәрбиешілері күнделікті күн режимі бойынша жұмыс атқарады және әр тәрбиеші өз топтарымен жұмыс жасайды. Осы оқушылардың күн тәртібі мен үй тапсырмаларының орындалуын, бос

уақытында білім алуын, мектептегі әртүрлі спорттық үйірмелерге және тағы басқа үйірмелерге баруын ұйымдастырады.

Интернат тәрбиеленушілері арасында топ белсенділері сайланған. Интернат топ белсенділерінің жұмыстары үнемі қадағаланып мүшелері ай сайын ақпарат беріп есебін жүргізеді. Сонымен қатар интернат тәрбиешілерінің ұйымдастыруымен тәрбие бағытында бірнеше іс-шаралар өткізілді.

Мерекелік іс-шараларға байланысты Ұстаздар мерекесіне, Тіл мерекесіне, Тәуелсіздік мерекесіне, Жаңа жыл мерекесіне,

Аналар мерекесіне, Наурыз мерекесіне, Отан қорғау мерекесіне, Жеңіс күніне байланысты көптеген іс-шаралар өткізілді.

Атап айтқанда тәрбиеші Жумабекова Асем апай 22 қыркүйек – тіл мерекесінде «Тіл ұлттың жаны» атты тәрбие сағатын, 5 қазан – ұстаздар мерекесіне «Ұстаз мектептің жүрегі»,



16-желтоқсан – Тәуелсіздік мерекесіне «Тәуелсіздік – баға жетпес байлығым» атты тәрбие сағаты

Жаңа жыл мерекесіне «Қош келдің Жаңа жыл» атты мерекелік іс-шара



Сонымен қоса тәрбиеші Заурбекова Майра апай ұйымдастырылуымен «Мен өнерлі боламын» атты қыздар арасында сайыс өтті.



Аналар мерекесіне «Анашым асыл анам» атты тәрбие сағатын



Наурыз мерекесіне «Салт дәстүрім сарқылмайтын байлығым» атты тәрбие сағаты



Отан қорғау күніне орай «Отан елдің анасы, Ел ердің анасы» атты тәрбие сағаты өткізілді.



Аманжолов Данияр ағаймен Майра апайымыз «Ұрпақ ұлттық ойынмен шындалады» атты спорттық сайыс, сонымен қоса Шахматтан «Болашақтың ұтқыр ойлы ұрпағы» тақырыбында тәрбиешілермен бірлесе отырып жарыстар өткізілді.



Интернат мейірбикесі Г.Абдукаюмовамен тәрбиешілердің ұйымдастыруы мен «Салауатты өмір салты» атты тақырыпта танымдық түсіндірме сабақ өтті.



Интернат тәрбиешілерінің ұйымдастыруымен мектеп психологы А.Ысқақовамен тәрбиеші Өскенова Мәкен апайы «Жүрекке мейірім сыйлайық» және «Мен зорлық зомбылыққа қарсымын» тақырыбына тренинг және өткізілді.



Мектеп социологы Абдужанова Фатима апаймен «Тәртіпсіздік пен құқық бұзушылыққа мүлдем төзбеушілік», «Жасөспірімдер арасында Буллинг пен Кибербуллингтің алдын алу» деген тақырыпта тәрбиешілермен бірлесе отырып семинар, тренинг ұйымдастырылып, сонымен қатар Әлеуметтік жағдайы төмен және көпбалалы отбасынан шыққан 17 оқушыға Жол акциясы мен демеушілер тарапынан мектеп формасы мен оқу құралдары берілді.



Мектеп кітапханашысы Әмірбаева Айзат апаймен тәрбиеші Жумабекова Асем апайдың ұйымдастырылуымен «Туралықты тұғыр еткен – Төле би», «Алаш қоғалысының қайраткері, ақын, қазақ әдебиетінің жарық жұлдызы М.Жұмабаевтың туғанына 130 жылдығына «Мәңгі сөнбес жұлдыз», «Шәкәрім Құдайбердіұлы – ұлы тұлға» атты тәрбие сағаттары өткізілді.



Интернат тәрбиеленушілерінің білімдерін қадағалау мақсатында тоқсан сайын олардың білімдері сараланып отырады және тоқсан сайын ата-аналарымен жиындар өткізіліп олардың жетістіктерімен кемшіліктері айтылып, жұмыстары жүргізіледі.

Атап айтқанда биылғы жылғы жылдық қорытынды бойынша 70 оқушының 11оқушы 1 сынып бағаланбайды. 59 оқушы, үздік оқушылар саны-- екпінді оқушылар саны - қанағаттандырарлық оқушылар саны – білім сапасы - сапалы білім- Орташа көрс.-Сонымен қатар ата-анамен, сынып жетекшісімен, пән мұғалімдерімен психологпен, социологпен және кітапханашымен жыл бойы үздіксіз жүргізілген іс-шаралар арқасында көптеген жұмыстар атқарылды.